

Лебяжі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы "Лебяжі ауданы бойынша 2018 - 2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" № 129/21 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 маусымдағы № 208/42 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 маусымда № 6435 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Аққулы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы "Лебяжі ауданы бойынша 2018 - 2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" № 129/21 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5815 болып тіркелген, 2018 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аққулы аудандық мәслихатының аграрлық сектор, экология, энергетика, көлік және байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Қ. Жиеналин

С. Мүсінова